



«JUMYSTAR.KZ» ЖҰМЫС ТАУЫП БЕРЕДІ

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ҮЗДІК СПЕКТАКЛЬ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

РЕФЕРЕНДУМ – ТІКЕЛЕЙ ДЕМОКРАТИЯ-
НЫҢ ӨТЕ ТИІМДІ ТЕТІГІ. ХАЛҚЫМЫЗ
ҚАНДАЙ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАСА, МЕМЛЕ-
КЕТІМІЗДІҢ ТҮПКІ БАЙЛАМЫ ДА СОЛАЙ
БОЛАДЫ. НӘТИЖЕ ОҢ БОЛАДЫ ДЕП
ОЙЛАЙМЫН. ШЫН МӘНІНДЕ, БҰЛ –
ТАҒДЫРШЕШТІ ОҚИҒА. СОНДЫҚТАН
МЕН РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОЛДАЙМЫН.

№120
(4708)
Сейсенбі
8 қазан
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МҰҒАЛІМДЕР МЕРЕЙІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің білім саласына елеулі үлес қосқан ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтап, аса жауапты әрі қастерлі міндетті абыроймен атқарып жүрген педагогтарға алғыс айтты. Президент білім беру жүйесіндегі үздік жетістіктері мен ерен еңбегі үшін бірқатар педагогқа «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағын тапсырды.

Марапатталған ұстаздардың қатарында білім беру ісінде ұзақ жылдар бойы аянбай қызмет етіп келе жатқан Астанадағы Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі Күшай Тердикбай да бар.

«Бүгін саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған ардагер мұғалімдер отыр. Күшай Тердикбай, Күліш Төлеуханова және Күләш Рахметованың еңбек жолы – жас буынға үлгі-өнеге. Мен қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаңызға зор алғыс айтамын» деді Мемлекет басшысы.

Күшай Тердикбай өзінің ұстаздық жолында талай шәкірттің шырағын жағып, оқушыларының жүрегінде терең із қалдырған. Оның шәкірттері бүгінде түрлі салада табысты жұмыс істеп, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып келеді.

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Денсаулық сақтау министрлігі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа қауіпті инфекция – Марбург вирусының өршуі туралы ескертуіне байланысты еліміздегі эпидемиологиялық жағдайды бақылауды күшейтті. Бұл туралы ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Сархат Бейсенова хабарлады.

EXIT-POLL НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАРИЯЛАНДЫ

АЭС салу мәселесі бойынша өткізілген референдумның exit-roll нәтижелері жария болды. Республикалық референдум кезінде бірнеше ұйымның мамандары учаскелерден шыққан адамдар арасында сауалнама жүргізіп, қалай дауыс бергенін сұрады.

Нәтижесінде, Аманат партиясының «Қоғамдық саясат институты» жүргізген сауалнама бойынша дауыс бергендердің 72,3%-ы «иә» десе, 27,7%-ы «жоқ» деп дауыс берген. Сауалнамаға 44 160 адам қатысқан. Ал Еуразиялық интеграция институтының зерттеуі бойынша сауалнамаға қатысқандардың 71,8%-ы «иә», 28,2%-ы «жоқ» деп дауыс берген. Сауалнамаға 30 546 адам қатысқан. «Астана» кешенді әлеуметтік зерттеулер институтының зерттеуі бойынша сауалнамаға қатысқандардың 69,8%-ы «иә» десе, 30,2%-ы «жоқ» деп дауыс берген.

ТАРИХИ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

Республикалық референдумда дауыс берген қазақстандықтардың 71,12 пайызы АЭС құрылысын қолдап дауыс берді. Бұл туралы Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров мәлімдеді. Жалпы, қазақстандықтар тарихи шешім қабылдауда белсенділік таныта білді. Астана қаласында 460 учаске жұмыс істеп, елордалықтардың 50,81%-ы дауыс берді.

2

ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕРЛЕР ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛАДЫ

«Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы» Үкімет қаулысы негізінде 2025 жылы 900-ден астам запастағы офицер әскер қатарына шақырылады, деп хабарлады Қорғаныс министрлігінен.

«Заңда белгіленген тәртіппен 2025 жылы 24 ай мерзімге әскери қызметке жарамды және оны өтемеген запастағы офицерлер офицерлік лауазымдарға әскери қызметке шақырылсын» деп жазылған ресми құжатта. Запастағы офицерлер Қарулы Күштерде, Ұлттық қауіпсіздік қызметінің Шекара қызметі, Ұлттық ұланда, Төтенше жағдай қызметі әскери құрылымдарда қызмет атқаратын болады.

Құжат 21 қазанға дейін қоғамдық талқылау үшін «Ашық НҚА» сайтында орналастырылған.



БАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 532.25 \$ USD/KZT 480.11 ₸ RUB/KZT 5.14 ¥ CNY/KZT 68.42

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№120 (4708) 08/10/2024 Сейсенбі



ПРЕЗИДЕНТ РЕФЕРЕНДУМДА ДАУЫС БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент орталығында орналасқан №211 референдум учаскесіне барып, АЭС құрылысына қатысты республикалық референдумда дауыс берді.

Мемлекет басшысы өз таңдауын жасағаннан кейін отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді. Президент, ең алдымен, референдум туралы пікір білдіріп, одан қандай нәтиже күтетінін айтты. «Бүгін – тарихи күн. Халқымыз АЭС салу мәселесіне қатысты дауыс беріп жатыр. Референдум – тікелей демократияның өте тиімді тетігі. Халқымыз қандай шешім қабылдаса, мемлекетіміздің түпкі байламы да солай болады. Нәтиже оң болады деп ойлаймын. Шын мәнінде, бұл – тағдыршешті оқиға. Сондықтан мен референдумды қолдаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Одан кейін Президент «Референдум қорытындысы бойынша халқымыз АЭС салуды қолдаса, оның құрылысын қай ел жүргізеді?» деген сұраққа жауап берді. «Бұл оңай мәселе емес. Үкімет талдау жасап, тиісті келіссөздер жүргізуге тиіс. Менің пікірімше, Қазақстанда ең озық технологиялары бар әлемдік компаниялардан құралған халықаралық консорциум жұмыс істеуі қажет. Қалғанын уақыт көрсетеді» деді Мемлекет басшысы.

Журналистер Президенттен биыл көктемдегі алапат су тасқынынан кейін қандай қорытынды жасалғанын сұрады. «Тиісті қорытынды жасалды. Бірақ мұндай табиғат апаты

бүкіл жер шарында орын алып жатқанына баса мән беруіміз керек. Жақында ғана Орталық Еуропада алапат тасқын өтті. Оның алдында АҚШ пен Вьетнамда дауыл болды. Сондықтан мұндай апаттарды алдын ала болжау қиын. Дегенмен ондай жағдайға дайын болып, қажетті шаралар қабылдау маңызды. Қазақстан ешкімнің көмегінсіз тасқынның салдарын еңсере алды. Мұны ашық айту керек. Біз адам және қаржы ресурстарын осы іске жұмылдырдық. Үкімет пен әкімдер белсенді жұмыс істеді. Оның нәтижесін көріп отырсыздар. Алапат тасқын кезінде зардап шеккен азаматтар жаңа баспанамен қамтылды. Мен бұған дейін ешкім назардан тыс қалмайды деп уәде бердім. Жалпы алғанда, біз бұл мақсатты орындадық» деді Мемлекет басшысы.

БАҚ өкілдері Қасым-Жомарт Тоқаевтан халықаралық дода-ларда жеңіске жеткен жастарды үнемі қолдап жүретінін атап өтіп, оның мәнін сұрады. «Мәні терең. Себебі мен жастарды қолдаймын. Мұны үнемі айтып келемін. Мемлекетіміздің келешегі – жастардың қолында. Ол жәй ұран емес. Бұл – біздің басты саясатымыз. Сондықтан келешекте де біз жастарды қолдаймыз. Оларға жәрдем береміз. Әсіресе, дарынды жастарды қолдауымыз керек. Кеше ғана мұғалімдерге,

ұстаздарға марапат табыстадым. Өз сөзімде мұғалімдер бұл қоғамымыздың озық тұлғалары екенін айттым. Олар дарынды жастарға білім беріп жатыр. Сондықтан жастарды да, оларды оқытып жатқан мұғалімдерді де мемлекет қолдайды. Сонымен қатар мен кеше ғана ұстаздар қоғамымыздың басты кейіпкері болуы керек екенін айттым. Сондықтан оларға жәрдем беріп, ұстаздардың беделін, қоғамдағы мәртебесін көтереміз» деді Президент.

Сонымен қатар брифинг барысында «Қазіргі Үкіметтің жұмысына көңіліңіз тола ма?» деген сұрақ қойылды. «Менің ойымша, Үкімет белсенді жұмыс істеп жатыр. Мемлекет басшысы ретінде қойған міндеттерімді орындауға тырысады. Жұмысымыз өте қауырт. Ол бұқаралық ақпарат құралдарына көріне бермеуі мүмкін. Ақпараттарды жан-жақтан алып отырамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Сондықтан елдегі барлық оқиғадан әрқашан хабардармын. Министрлердің және Үкіметтің жұмысында кемшін кетіп жатқан тұстар болса, әлбетте, ескертемін. Жеті ай деген көп уақыт емес. Үкімет мүшелері өздерін көрсетуі керек. Ең басты міндет – ел экономикасының дамуына серпін беретін мүмкіндіктерді іздеу» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕГЕ КҮШ БІРІКТІРДІ

4 қазанда елімізде Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты референдум аясында тура 400 күнге созылған ақпараттық-түсіндіру жұмысы аяқталды.

Оны Қазақстанның саяси тарихындағы ең ұзақ науқан деуге толық негіз бар. Неге 400 күн? Себебі Мемлекет басшысы референдум өткізу туралы идеясын былттыр, яғни 2023 жылғы 1 қыркүйекте кезекті Жолдауында айтты. Дәл сол күні референдумға қатысты ауқымды жұмыс басталды деуге болады.

Осы уақыт ішінде әр аймақта қоғамдық тыңдау ұйымдастырылды, ақпарат кеңістігінде сарапшылар мен қоғам белсенділері жан-жақты пікір алмасты.

Жалпы, осы науқан байсалды түрде, өзара түсіністік жағдайында өтті. Референдум кезінде еліміздегі қоғамдық күштер алғаш рет саяси емес, экономикалық мүдде тұрғысынан күш-жігерін біріктіргенін атап өткен жөн. Аппат партиясының бастамасымен 6 саяси партия және 20-дан астам қоғамдық бірлестік Атом электр стансасын салуды қолдау жөніндегі халықтық штаб құрды.



Штаб мүшелері барлық өңірдің тұрғындарымен кездесу өткізді, оған энергетика саласының жетекші сарапшылары мен мамандары қатысты. Осылайша, азаматтарымыздың Қазақстанда

атом энергетикасын дамытуға қатысты байыпты тоқтамға келуіне мүмкіндік берілді.

Ерлан ҚАРИН,
ҚР Мемлекеттік кеңесшісі

ДЕМОКРАТИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ БІРІ

Жалпы, бұл референдум – қоғам мен мемлекеттің дамуындағы аса маңызды кезең. Сондай-ақ мұндай қадам демократияның негізгі принциптерінің бірі және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының іске асырылуының жарқын көрінісі екені анық.



Шын мәнінде, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мемлекетті жаңғырту жолындағы дәйекті саясаты мен жүйелі реформалары – демократиялық жаңғырудың озық үлгісі. Осы тұрғыдан келгенде, стратегиялық шешімді халықпен диалог жүргізіп және азаматтардың пікірін ескере отырып қабылдау жаңа саяси мәдениет қалыптастыруға жол ашатын маңызды тетік екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар бұл референдум – әр азаматқа мемлекеттің дамуына ықпал ету үшін беріліп отырған үлкен мүмкіндік.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат төрағасы

ЖАҢА САЯСИ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫ

Кеше Орталық референдум комиссиясы дауыс берудің алдын ала қорытындысын жариялады. Соған сәйкес, сайлаушылардың 71,12%-ы АЭС құрылысын қолдады. Exit poll қорытындысы да осыған жақын нәтиже көрсетті.

Жаңа саяси жағдайда Тәуелсіздігіміздің 33 жылдық тарихындағы үш референдумның екеуі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен өтті. Сөз жоқ, жаңа саяси мәдениет дәл осылай қалыптасады. Әр азамат қоғам үшін маңызды мәселелерді шешу ісіне тікелей араласып, ел тағдырына өзінің қатысты екенін сезінеді. Бұл – демократияның іс жүзіндегі көрінісі.

Депутаттар үнемі өңірлерді аралап жүр. Біз қоғамдық сана өзгеріп, жаңа саяси мәдениет қалыптасып келе жатқанын

көріп отырмыз. Тұрғындар кез келген тақырып бойынша өз ұстанымын ашық айтып, оны барлық деңгейде батыл қорғауда. Бұл – Президенттің Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған саяси реформалар бағдарының басты нәтижесі.

Референдум қорытындысы – қоғамдағы көңіл-күйдің нақты көрінісі. Халықтық штаб барлық өңірге барып, мындаған кездесу өткізді. Соның барысында жалпы қоғам ел болашағы үшін АЭС салудың маңызын түсініп отырғанына көз жеткізді. Кәсіпкерлер, шаруалар, кеншілер,



жұмысшылар, жастар, мұғалімдер, дәрігерлер және басқалар да экономикасы дамыған елде өмір сүргісі келеді. Олардың барлығы мұның кілті энергетикалық тәуелсіздік екенін және бұл үшін АЭС салу қажет екенін жақсы түсінеді.

Бейбіт атом – инновациялық тұрғыда сенімді, қауіпсіз,

экологиялық таза энергия көзі. Бұл – ғылымда, техникада, өндірісте, ауыл шаруашылығында және өзге де көптеген салада көкжиегімізді кеңейтетін әлемдік тренд. Осылайша, халық өз таңдауын жасады.

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс төрағасы

АЭС САЛУДЫ ҚОЛДАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Биылғы 7 қазандағы таңғы сағат 8:00-дегі жағдай бойынша еліміздің барлық өңіріндегі және шетелдегі 10 323 референдум учаскесінде дауыстарды санау аяқталды. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының комиссияларынан алынған жедел деректердің негізінде, Орталық референдум комиссиясы референдумда дауыс берудің алдын ала қорытындысын шығарды» деді Н. Әбдіров елордада өткен брифингте.

Орталық референдум комиссиясы төрағасының айтуынша, референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны 12 млн 284 мың 487 адам болды. «Дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны 7 млн 820 мың 204 адамды немесе референдумға

қатысуға құқығы бар азаматтар санының 63,66 пайызын құрады. Қазақстанда АЭС салу туралы референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны еліміздің барлық өңірінде дауыс беруге қатысқандардың 71,12 пайызын немесе 5 млн 561 мың 937 адамды құрады. Қазақстанда АЭС салу туралы референдумға қойылған мәселеге қарсы дауыс берген адамдардың саны дауыс беруге қатысқандардың ішінен 2 млн 45 мың 271 болды» деді Орталық референдум комиссиясының төрағасы. Оның айтуынша, жауаптардың екі нұсқасы да таңдалған, яғни жарамды деп танылған, бірақ дауыстарды санау кезінде есепке алынбайтын бюллетендер саны – 82 729. Жарамсыз деп танылған 130 267 бюллетень анықталды.



АСТАНАЛЫҚТАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Қазақстанда атом электр стансасы құрылысын дауысқа салған жалпыұлттық референдумға Астана қаласы бойынша азаматтардың 50,81 %-ы қатысты. Тұрғындар елдегі мәселелерге бейжай қарамай, жауапкершілікпен белсенділік танытты. Жалпы қалада 460 учаске жұмыс істеді. Оның 352-сі – ашық, 34-і – жабық, 74-і дипломатиялық өкілдіктер мен елшіліктерге бөлінді.

Республикалық референдумға алғашқылардың бірі болып, қала әкімі Жеңіс Қасымбек қатысып, №211 сайлау учаскесінде өз таңдауын жасады. Ал Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов референдумды тарихи оқиға деп атады.

«Бүгін біз бәріміз бірге еліміздің даму бағытын айқындап жатырмыз. Қоғаммен диалогқа негізделген және азаматтардың пікірін ескере отырып, стратегиялық шешімдер қабылдау – жаңа қоғамдық-саяси мәдениетті қалыптастыру мен «Естітін мемлекет» қағидаттарын жүзеге асырудың маңызды механизмі.

Бүгін біз дауыс беру арқылы еліміздің болашағын анықтаймыз. Балаларымыздың болашағы мен алдағы жылдары еліміздің қалай дамитыны біздің белсенділігімізге байланысты. Ең бірінші орында азаматтық және конституциялық парызымызды орындау үшін сайлау учаскесіне барып, дауыс беруіміз қажет. Таңдау жасау мүмкіндігін өткізіп алмаңыз!» деді мәслихат төрағасы.

Елордалықтар үшін республикалық референдум перзентханалардағы қуанышты оқиғалармен тұспа-тұс келді. Астананың үш перзентханасында 6 қазанда сағат 00:00-ден 15:00-ге дейін 39 нәресте өмірге келді, оның ішінде 29-ы – ұл және 10-ы – қыз. Референдум күні елорданың медициналық мекемелері акушерлік бөлімшелердегі әйелдерге дауыс беру

мүмкіндігін ұйымдастырды. Арнайы сайлау учаскелері тікелей ауруханаларда ашылды, бұл жүкті және босанған әйелдерге медициналық мекемелерден шықпай-ақ таңдау жасауға мүмкіндік берді.

Саяси маңызды күні мегаполисте қоғамдық көліктер тегін жүрді. Референдумда дауыс беруге ниет білдірген

жастағы адам ретінде болашақ келесі ұрпақ үшін де біздің таңдауымызға байланысты екенін түсінемін» деді Ә.Тарази.

Сонымен қатар инвентаксилер мүгедектігі бар азаматтарға қызмет көрсетті. Астанада мүгедектігі бар 36 мың адам тұрса, оның ішінде 21 мыңнан астам сайлаушы тіркелді. Дауыс беру кезінде ерекше қажеттіліктері

Тимур ЖАНТИКИН, «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры:

АЛДА – АУҚЫМДЫ МІНДЕТ

– Мен де кеше №173 сайлау учаскесінде ел келешегі үшін, атом энергетикасының болашағы, жалпы алғанда, мемлекетіміздің экономикалық дамуы үшін дауысымды беріп, таңдау жасадым.

Референдум сәтті өтті. Бұл отандастарымыздың ортақ іске ұйысып, жұмыла кірісе алатынын көрсетті. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық өрлеуді қамтамасыз етуге, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға қысқасы, атом электр стансасын салу экономиканың және онымен байланысты барлық саланың дамуына мультипликативті әсер етеді. Ғылым мен білімнің, технологияның дамуына жол ашады. Жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Сондықтан отандастарымыз бұл жолда өте дұрыс таңдау жасап, болашаққа нық қадам басты деуге келеді.

Дегенмен, алда атқарар ауқымды міндет тұр. АЭС құрылысы бір жылдық белес емес. Ол – циклдік кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын ұзақмерзімді жоба. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жоба. Ал оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді.

Біз өз тарапымыздан келешек ұрпақтың қамы үшін осы жобаның сәтті іске асуына аянбай үлес қосатын боламыз.



назияда орналасқан №56 сайлау учаскесіне инвентакс арқылы келіп, сайлау учаскесінде оған ыңғайлы және қолжетімді дауыс беру үшін қажет нәрсенің бәрі берілгенін атап өтті.

Жалпыұлттық референдумда қазақстандық ғылым мен мәдениет қайраткерлері, соның ішінде ақын Серікзат Дүйсенғазин, академик Кәрімбек Құрманалиев, сондай-ақ әдебиеттанушы және академик Дихан Қамзабекұлы және басқа да зиялы қауым өкілдері де таңдау жасады.

«Астана қаласындағы №1 сайлау учаскесіне барып дауыс бердім. Мәселе қолдауда немесе қарсы болуда емес. Ол әркімнің жеке шаруасы болуы керек. Бірақ барып дауыс беру дұрыс деп ойлаймын. Демократиялық қоғамды солай ғана қалыптастыра аламыз» деді С.Дүйсенғазин.

Елордалық танымал спортшылар, атап айтқанда, бокстан Олимпиада чемпионы және еңбек сіңірген спорт шебері Серік Сәпиев №165 сайлау учаскеде, ауыр атлетикадан аты аңызға айналған спортшы Ильин №88 учаскеде, сондай-ақ

елордалық спортшы, ММА жаттықтырушысы Василий Тахтай №336 учаскеде өз таңдауын жасады. Сондай-ақ референдумға Паралимпиада ойындарының күміс жүлдегері Ергали Шамей және жүзуден Паралимпиада ойындарының қатысушысы Сиязбек Далиев қатысып, ел үшін маңызды шешім қабылдана тұста неміқұрайдылық танытуға болмайтындығын білдірді.

Қалалық сайлау учаскелерінде елордалық тұрғындар мен отбасылар үшін ерекше акция ұйымдастырылды. Бұл бастама, әсіресе ата-аналарымен бірге келетін балалар үшін мерекелік және достық көңіл-күйді орнатуға бағытталды. Кәсіби суретшілер бүлдіршіндерге түрлі-түсті жануарлар мен кейіпкерлерді бейнелеп беру арқылы ата-аналардың дауыс беруі үшін қолдау білдірді.

Сайлау учаскелерінде өзінің азаматтық ұстанымын білдіруге бел буған жастардың саны да едәуір көп болды. Астанада 18 жасқа толған 26 мыңнан астам жас алғаш рет республикалық референдумға қатысып, дауыс берді.





ҮЗДІК ҰСТАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Бүгінде елорданың білім беру ұйымдарында барлығы 27 мыңға жуық педагог жұмыс істейді. Бас қалада Мұғалімдер күніне арналған «Ұстаз – ұлағатты ұғым» атты мерекелік концертте үздік педагогтар марапатталды. Оған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Астана әкімі Жеңіс Қасымбек қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

«Құрметті ұстаздар! Сіздерді Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің өлшеусіз еңбектеріңіздің арқасында ғылыми жетістіктерге жетіп, медаль алған, республикалық және халықаралық жарыстарда Астананың атынан сынға түсетін талантты және ынта-сы жоғары балалардың жаңа буыны өсіп келеді. Өткен оқу жылының өзінде елордалық оқушылар 445 медаль жеңіп алды, бұл – сіздердің еліміздің болашағына қосқан үлестеріңіз. Сіздер ыңғайлы жағдайда жұмыс істеу үшін біз елорданың білім беру инфрақұрылымын дамытуды әрі қарай да жалғастырамыз.

Биылғы оқу жылында 15 жаңа мектеп ашылды, ал жыл соңына дейін тағы 9 мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Біз сіздердің жұмыстарыңызға ерекше назар аудару қажет екенін және қолдау көрсетуді қажет ететінін түсінеміз әрі осы бағытта жұмыс істеуді жалғастырамыз» деді Астана әкімі Жеңіс Қасымбек.

Биыл Үздік оқу орындарының рейтингіне А.Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы мен ASTANA Polytechnic COLLEGE кірді. «Астана қаласының құрметті педагогы» атағы Ж.Аймауытов атындағы №24 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгүл

Тиынтайға, Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің география пәнінің мұғалімі Сәуле Болатбаеваға, №43 қосымша білім беру мектеп-орталығының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жұпаргүл Қалмұрзаеваға, №1 өнер мектебінің бейнелеу өнерінің оқытушысы Дәурен Бейсембаевқа, №2 арнайы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлмира Иманбаеваға берілді.

Концерт барысында саланың 38 ардагері Оқу-ағарту министрлігінің алғыс хаттарымен, тағы алты мұғалім қаланың Білім басқармасының грамоталарымен, ведомстволық наградалармен 2 825 педагог марапатталды. Соның ішінде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі, Оқу-ағарту министрлігінің құрмет грамотасы тапсырылды.

«JUMYSTAR.KZ» ЖҰМЫС ТАУЫП БЕРЕДІ

Биылғы 5 тамыз күні Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің қатысуымен өткен JOLTAP жобасының түлектерімен кездесуі кезінде «JUMYSTAR.kz» сервистік платформасы іске қосылды. Елордада жұмыссыздық мәселесін шешу мақсатында құрылған платформа жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілерді тікелей байланыстырып келеді. Оған екі ай ішінде 7 мың адам тіркеліп, жалпы 30 мың адам кіріп көрді.


JOLTAP жобасы елордалықтардың табысын арттыруға бағытталған. Жоба аясында азаматтар мемлекеттік қолдау шаралары және қаланың сұранысқа ие жұмыс орындары жайлы кеңес алып, 16 жұмысшы және цифрлық дағды бойынша қысқа мерзімді оқудан өте алады. Қазіргі уақытта 21 мың адам осы мүмкіндікті пайдаланып үлгерді.

«JUMYSTAR.kz» осы JOLTAP жобасының дамуының келесі қадамы болып саналады. Сайтқа тек Астана азаматтары мен бизнес өкілдері ғана емес, тіпті Алматы, Теміртау, Семей сияқты еліміздің аймақтарынан жұмыс берушілер де қосылып жатыр» дейді JOLTAP жобасының сараптама бөлімінің менеджері Ерасыл Ділдәим.

Сараптама бөлімінің менеджерінің сөзінше, бүгінде сайтта 1 100 хабарлама ұсынылған.

«Платформаға телефон нөмірін жазу арқылы ғана тіркелуге болады. Қазіргі уақытта сайтта 7 мың адам тіркелген. Яғни бұл – әрбір төртінші адам тіркелуден өтеді деген сөз. Бұл – отандық стартап үшін өте жақсы нәтиже. Осынша қолданушының ішінде 1 мыңы кәсіпорын болса, 6 мыңы – жұмыс іздеушілер. Жұмыс берушілердің ішінде ірі әрі желілік кәсіпорындар да бар. Бүгінде сайтта жұмыс бойынша 1 100 хабарлама жарияланған. Алайда бұл осыншама жұмыс орны бар деген сөз емес. Кей кезде бір хабарламаның артында 20, тіпті 200 адамға қажеттілік болады. Яғни бос жұмыс орны саны осы 1 100 хабарламадан көп. Қоғамдық тамақтану, қызмет көрсету, сауда салаларында қызметкерлер тапшылығы бар. Онда жұмыс берушілер кеміне 200-ден аса хабарлама қалдырған» дейді ол.

Ерасыл Ділдәимның айтуынша, көбіне қолданушылар кеңседегі жұмысқа, цифрлық тапсырмалар және



сауда салаларына қызығушылық білдіреді екен.

«Көбіне азаматтар сатушы-кассир, бариста, графикалық дизайн, сату менеджері, таргетолог, тігінші, СММ, бухгалтер, жүргізуші, мерчендайзер, күзетші, жүк тасымалдаушы сияқты мамандықтарға үндеу қалдырып жүр. Сайттың негізгі мақсаты – жұмыс берушілер мен үміткерлерді бір-бірімен тез арада байланыстыру. Осының бәрі адамдардың ыңғайлығы үшін Whatsapp мессенджері арқылы жүзеге асырылған» дейді ол.

«JUMYSTAR.kz» сервистік платформасы еліміздің барлық азаматына тегін түрде қолжетімді. Негізгі қолданушылар қатарында тұрақты жұмыс іздеушілер мен үйден жұмыс істеуді қалайтын адамдар бар. Одан бөлек, уақытша тапсырыс орындаушыны іздейтін кәсіпкерлер де кездеседі.

«Бұл платформаның басқа да жұмыс іздеуге мүмкіндік беретін сайттардан айырмашылығы бар. Біріншіден, 6 мың жұмыс іздеушінің жартысы – JOLTAP жобасының түлектері. Бұл дегеніміз – жұмысқа дайын 3 мың үміт-

кер бар деген сөз. Екіншіден, бұл жерде тек тұрақты жұмыстан бөлек, кішігірім тапсырыстарды орындайтын маман иелерін табуға болады. Айтпақшы, тапсырыстар аумағы шектелмеген. Басқа елден тапсырыстар да қабылданады. Үшіншіден, барлығы толығымен тегін және қолданушылардың ыңғайлығы үшін тікелей Whatsapp арқылы байланыс қарастырылған. Осылайша сіз жұмысты немесе қызметкерді делдалсыз және төлемсіз таба аласыз. Мемлекет басшысы алдағы жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Осыған байланысты «JUMYSTAR.kz» сайты халық арасында жұмысшы мамандықтарды ілгерілетуге және еңбек құндылықтарын жаюға өз үлесін қосады деп үміттенеміз» деді Сараптама бөлімінің менеджері.

Жаңадан құрылған сайтта күн сайын қолданушылар пікірі ескеріліп, оның жұмысы жақсарып келеді. Платформада қатаң модерация қарастырылған. Егер кейбір жұмыс іздеуге мүмкіндік беретін платформаларда алаяқтар кезіретін болса, бұл сайтта мұндай хабарламаларға жол берілмейді.

ЖАҢА ЖАТАҚХАНА САЛЫНАДЫ

Астанада Esil University аумағында мемлекет қолдауымен жаңа заманауи жатақхана салынады. Болашақ құрылыс алаңының аумағында жаңа ғимараттың макеті көрсетілді. Салтанатты іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов, қалалық мәслихат депутаттары және қоғам қайраткерлері қатысты.

«Жоба қаланың Бас жоспарына енді. Бәрі құрылысқа дайын. Біздің жатақхана заманауи кампус түрінде болады. Біріншіден, бұл белгілі бір стандарттарға үйренген шетелдік студенттерді тартуға мүмкіндік береді. Жатақхана шетелдік және отандық студенттер үшін қолжетімді болады» деді Esil University ректоры Аяпберген Таубаев.

Жаңа ғимарат 507 студентті қабылдай алады. Жаңа жатақхананың құрылысы 2025 жылдың көктемінде басталады деп күтіліп отыр.

«Жоспарға сәйкес ғимарат жалпы ауданы 6 600 шаршы метр болатын бес қабатты болады. Жатақханада барлығы 507 төсек-орын қарас-

тырылған. Жертөледе 210 адамға арналған асхана, қалған қабаттарда үш және төрт бөлме болады. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған бір бөлме қарастырылған. Сондай-ақ әр қабатта кір жуатын, үтіктеу бөлмелері, тұрмыстық ас үй және демалыс бөлмесі қарастырылған» деді инвестор Таха Алтайлы.

Биыл Астанада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 6 жатақхана салынып, пайдалануға беріледі. Олар 4,5 мыңға жуық орын ашуға мүмкіндік береді. Жатақханалардың бір бөлігі қазірдің өзінде жұмыс істеп тұр. 2025 жылы тағы 2 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланып отыр.



АРДАГЕРЛЕР МЕРЕЙІ

Астана қаласының Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінде бүкіл бастауыш ұйымдардың төрағалары мен төрайымдары бас қосқан мерекелік іс-шара өтті.

Салтанатты жиынды Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Кәрімұлы Мұстафин ашып, жиналған ардагерлерді Қарттар күнімен шын жүректен құттықтады. Ол кісі өз сөзінде атқарылған көлемді жұмыстарды шолып өтті. Ортақ шараларда белсенді жұмыс атқарғандарға аудан ардагерлері атынан «Алғыс хат» берілді. Жиналған қауымға сыйлықтар мен гүл табыс етілді.

Кездесу соңында құрметті аудан ардагері, 25 жылдан астам уақыт жақсы игі істерімен көрініп жүрген Интернациональный тұрғын алабының «Қайсар» БАҰ төрайымы Майра Қоразова қала, аудан әкімшілігіне, сондай-ақ өздерімен тікелей қарым-қатынаста іс-шараларды ұй-

ымдастырып, өткізіп жатқан Астана қаласы және Алматы ауданы Ардагерлері кеңестерінің басшыларына алғысын айтты.

Ардагерлердің көпшілігі сөз сөйлеп, аудан бойынша және өздерінің ұйымдарында атқарылған көлемді жұмыстарға тоқталды. Әсіресе аудан қарияларының күшімен өткізілген флеш-мобты еске алып, көңілдері көтеріліп қалды. Алда да осындай игі шаралардың басы-қасында болатындарын жеткізді.

Мерекке орай жасалған құрметке ардагерлер риза болып, ескерткіш суретке түсіп, көтеріңкі көңіл күймен таранды.

Баянды ӘЛПИ,
Алматы Ардагерлер кеңесінің мүшесі

СТУДЕНТТІК КӘСІПКЕРЛІК БАЙҚАУЫ

Астанада «Enactus World Cup 2024» әлем чемпионаты өтті. Бұл шара студенттік кәсіпкерлікті дамыту, инновациялық жобаларды таныстыру және халықаралық байланыстарды нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Enactus – тек жаңа идеяларды көрсету алаңы ғана емес, сондай-ақ әр елдің студенттеріне тәжірибе алмасу және достық қарым-қатынастар орнату мүмкіндігін беретін платформа. Бұл жолғы чемпионатқа 33 елден келген командалар қатысып, өз жобаларын қорғады. Сайыс нәтижесінде 16 үздік команда іріктеліп, төрт лигаға бөлінді. Қазақстанның намысын қорғаған «Enactus Kazakhstan» командасы да осы үздіктер қатарында болды.

Іс-шараның жабылу салтанатына Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы қатысып, студенттердің жетістіктерін атап өтті. Ол І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті студенттерінің жобасына жоғары баға беріп, олардың идеялары мен бастамаларын қолдайтынын айтты.

Чемпионаттың финалында Марокко, Корея, Тунис және Германия командалары бақ сынап, нәтижесінде бірінші орынды Тунис командасы жеңіп алды. Олардың жобасы инновациялық шешімдерімен ерекшеленді және халықаралық деңгейде жоғары бағаланды.

Бұл чемпионат студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға, стартап идеяларын іске асыруға және әлемдік нарықта бәсекелестік қабілетін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Enactus платформасы арқылы жастардың креативтілік қабілеттерін ашып, оларды халықаралық деңгейде танытуға жол ашылды. Алдағы уақытта «Enactus World Cup» чемпионаты дәстүрлі түрде жалғасады.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Астана тұрғындары мен қонақтарының өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында құрылған «Smart Astana» қосымшасының қызметі жаңара түсті. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында «Астана Innovations» АҚ цифрлық сервистерді ұйымдастыру департаментінің директоры Айдын Еспек мәлімдеді.



«SMART ASTANA» ҚЫЗМЕТІ ЖАҢАРДЫ

– Қаламыз қарқынды дамып келеді және күн сайын цифрландыру өмірдің жаңа салаларын қамтиды. «Smart Astana» пайдаланушыларға мүмкіндіктерді кеңінен ұсына отырып, осы үрдістің көрінісі саналады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап белсенді қолданушылар саны 28000-нан асты. Бұл халық арасында цифрлық сервистердің жоғары қызығушылығы мен сұранысын көрсетеді. Қосымша көлік, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, коммуналдық қызметтер және т. б. қала өмірінің әртүрлі саласын қамтитын 70-тен астам сервиске қол жеткізуге мүмкіндік береді, – деді департамент директоры.

Айтуынша, қосымшада жаңалықтар бөлімі, жақын маңдағы велостанциялар туралы ақпарат, медициналық қызметтерге қол жеткізу қызметтері, референдумда дауыс беру алаңын

іздеу бар. Қарапайым және интуитивті функция азаматтың жеке деректерін (ЖСН) енгізу жеткілікті және қосымша сайлау учаскесі туралы қажетті ақпаратты бірден береді. Бұл маңызды қоғамдық-саяси іс-шараларға қатысу процесін едәуір жеңілдетеді және азаматтық белсенділікті арттыруға ықпал етеді.

– Қолданбада пайдаланушыларға негізгі оқиғалар мен жаңартулар туралы уақытты хабарлауды қамтамасыз ететін push хабарландырулар бар. Олар: төтенше жағдайлар, яғни қолайсыз ауа райы жағдайлары, авариялар, коммуналдық қызметтердің жоспарлы ажыратылуы туралы хабарламалар. Қалалық іс-шаралар немесе алдағы концерттер, көрмелер, спорт іс-шаралары туралы еске салу. Қоғамдық-саяси оқиғалар, яғни референдум, сайлау, қоғам-

дық тыңдаулар өтетін күні мен уақыты туралы ақпарат және жеке хабарламалар немесе дәрігерге жазылу туралы ескертулер, берілген өтініштердің статусы, сіз пайдаланған басқа да қызметтер. Оның ішінде қосымшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бөлімі бар – «Сыбайлас жемқорлықты тоқтату». Осы сервис арқылы сыбайлас жемқорлық фактісі туралы өтініш жіберуге және ресми өтініш беруге болады. Жағдайды егжей-тегжейлі сипаттайтын, сыбайлас жемқорлық фактісі болған орынды, уақытты және жағдайларды көрсететін арнайы нысанды толтыра аласыз. Қажет болса, растайтын құжаттарды немесе фотосуреттерді қоса аласыз. Сіздің өтінішіңіз қарау және шара қабылдау үшін тиісті органдарға жіберіледі, – деді Айдын Еспек.

Ата-аналар үшін қосымша балабақшаға кезек нөмірін білуге, қаланың мектептері мен университеттері, олардың мекенжайы мен байланыс дерегі туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

«Smart Astana» елорда қонақтарына да қолайлы. Қосымшада теміржол вокзалы мен әуежайдың кестесі, оқиғалардың өзекті афишасы, сауда орталықтарының тізімі бар.

Қосымша арқылы су мен электр есептегіштерінің көрсеткішін жіберуге, plombалауға өтінім беру, көмірге тапсырыс беру қызметі қарастырылған. Сондай-ақ қазақ әдебиетінің электрондық нұсқалары, оқыту материалдары, онлайн-курстар және тілді үйрену мен практикаға арналған басқа да ресурстар қолжетімді.

– Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қосымшада шұғыл қызметтердің жылдам байланыстары, төтенше жағдайлар, жол жұмыстары, жоспарлы ажыратулар және т. б. туралы жедел хабарламалар алу мүмкіндігі көзделген. Сондай-ақ қалалық қызметтермен өзара байланыс функциясы іске асты, – деді департамент директоры.

«Smart Astana» қосымшасын App Store және Google Play Market арқылы тегін жүктеуге болады. Орнатқаннан кейін телефон нөміріңізді көрсетіп, шағын тіркеуден өтсеңіз жеткілікті.

Сарыарқа ауданында жарықтандыру жұмысы жалғасуда. Қазіргі уақытта ауданның 95 пайызы жарықтандырылған.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖАЛҒАСУДА

Жақында аудан баланынан К.Күмісбеков көшесінің (Кенесары көшесінен Ә.Жангелдин көшесіне дейін) және Ә.Жангелдин көшесінің (Сарыарқа даңғылынан К.Күмісбеков көшесіне дейін) бөліктері қабылданып, көшенің жарықтандыруы қалпына келді.

Жыл басынан бері бұрын жарық болмаған көшелерде, атап айтсақ, Ардагерлер көшесі, 38/3 («Koktal Apartments» ТК), Е.Серкебаев көшесі, №67 гимназияның алды; 12-1 көше («Нордхаус» ТК) және Сарыбұлақ өзенінің бойында (Б.Соқпақбаев көшесінен

Н.Тілендиев даңғылына дейін) жарықтандыру жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар 7 аула аумағында және 3 қоғамдық орында сыртқы жарықтандыру желісі тартылды. Біржан сал мен Гёте көшелерінде 57 жаңа көше жарықтандыру бағанасы және 27 саябақты жарықтандыру бағанасы орнатылды.

Жыл соңына дейін аудан аумағындағы Конституция, Қарасай батыр, К.Байсейітова және Желтоқсан көшелерінде және №18, 19, 20, 47 мектептер маңындағы аумақтарда қосымша жарықтандыру шамдарын орнату жоспарланып отыр.



37 НЫСАН ЗАҢСЫЗ САЛЫНҒАН

Астана прокуратурасы елордада 37 көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс нысаны заңсыз салынып жатқанын анықтады.

Мәлім болғандай, заңсыз үй салып жатқан жекеменшік компаниялар үлескерлердің ақшасын заңсыз пайдаланып келген.

«Осы негіздер бойынша ағымдағы жылы аталған бұзушылықтар үшін ӘҚБ-тің 320-бабымен 64 құрылыс нысаны бойынша 51 құрылыс салушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды» делінген прокуратураның хабарламасында.

12 құрылыс салушыға қатысты қылмыстық іс тергеліп жатыр.

Астана қаласының прокуратурасы тұрғын үй құрылысына үлесті қатысу келесі тәсілдердің бірімен ұйымдастырылатынын еске салады:

1) Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының (Қазақстан тұрғын үй компаниясы) кепілдігін алу;

2) екінші деңгейдегі банктің жобасына қатысу;

3) ғимараттың қаңқасы салынғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту.

Азаматтардың қаражатын басқа тәсілдермен тартуға (алдын ала брондау шарты, брондау, инвестициялау, талап ету құқығын басқаға беру) тыйым салынады.

Жаңа соғылып жатқан үйден пәтер сатып алмас бұрын құрылыс салушының сенімділігін тексеріңіз. Ол үшін сілтемені басу арқылы салынып жатқан объектілерге кепілдік беру шарттарының тізімімен, сондай-ақ Қазақстан тұрғын үй компаниясы шығарған кепілдік сертификатымен танысуға болады.

Егер сіз заңды белден басқан құрылыс компаниясына тап болсаңыз, 71-24-87 нөміріне қоңырау шалыңыз.

ЭКОАЙЛЫҚ АЯСЫНДА

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология айлығы Астананың барлық ауданында қарқынды жалғасуда. Экоайлық аясында Байқоңыр ауданының Ақбұлақ жағалауында орналасқан А.Пушкин көшесіндегі гүлзарда ауқымды көгалдандыру жұмысы жүргізіліп, ағаштар мен бұталар отырғызылды.

Іс-шараға Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері, елордалық спортшылар және белсенді тұрғындар қатысты. Сенбілік нәтижесінде Байқоңыр ауданында 150 ағаш отырғызылды.

Ал күзгі экология айлығы аясында соңғы аптада 1500-ден аса ағаш пен бұта отырғызылған болатын. Алматы ауданы әкімінің аппараты ұйымдастырған акция аясында Бауыржан Момышұлы атындағы саябақ

қоқыстан тазарды.

Сенбілікке «Астана-ЕРЦ» ЖШС пен «Dosjan Temir Joly» АҚ-тың 100-ден астам қызметкері, сондай-ақ жергілікті белсенділер қатысты.

– Күзде жерге түскен жапы-

рақтар өрт қаупін арттырады. Сондықтан бұл шара бірінші кезекте қала тазалығын сақтауға және елорда саябақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ мұндай іс-шаралар ұжым мен тұрғындардың бірлігіне, экологияға оң әсерін тигізеді, – деді «Dosjan Temir Joly» АҚ компаниясының әлеуметтік мәселелер жөніндегі бас менеджері Меруерт Жүсіпова.

Айта кетейік, көгалдандыру жұмысы әлі де жалғасуда.



№120 (4708) 08/10/2024 Сейсенбі

АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК

«Соғыс аяқталды. Халық есеңгіреген қанды қырғыннан енді ғана есін жия бастады. Жерлестеріміздің біразы майдан даласынан оралмады, бірқатары жаралы, жарым-жан күйінде елге оралды. Әулетімізден Бектемір ағамыз соғыста қаза тапса, Балташ ағамыз екінші топтағы мүгедек болып туған топырағына табан тигізді.

...1946 жылдың 1 қыркүйегі де таяп қалды. Біздің үйде мені мектепке дайындау қарбаласы басталды. Әкем костюм-шалбар сатып әперді, шешем өзі тоқыған алашаның қиындысынан қолдорбаға ұқсаған сөмке тігіп берді. Кітаптарды қайдан әкеп бергені есімде жоқ, көк сия дайындап, дәуітке құйып, сөмкеме салды, қаламұшты қаламыма кигізді. Былайша айтқанда, 1 қыркүйекке бес қаруы сайланған сарбаздай болдым.

Сол жылдары ауыл мектебінің бөлмелері шағын пешпен жылитын. Электр жарығын көрген де, естіген де жоқпыз. Пілтелі майшаммен сабақ оқыдық. Оның өзі мұғалімнің алдындағы үстелде тұратындықтан, қара көлеңкелі бөлмеде көзіміз сығырайып, партаға жабыса тапсырмаларды орындаймыз. Күзгі-қысқы қысқа күндерде таң ағараңдамай мектепке келіп, топты бала жалғыз пештің алдында топырлап үйден ала шыққан нанымызбен оразамызды ашатынбыз. Сабақтан соңғы тірлігіміз – түскі асты ішкеннен кейінгі малды жайлау, суатқа апару, қораны тазалау сияқты шаруаларға ұласып, ымырт үйірлеуі ұй тапсырмаларын орындаумен уақыт өткізіп, төсегімізге қисаятынбыз».

Токтаусыз жылжып жылдар өтті. Кеңес орта мектебінде оқып жүрген Еркін онжылдықты тәмамдайтын уақыт та келді. Есі кіріп, есейген Еркіннің алдында қандай мамандықты таңдасам деген мақсат тұрды. «Армансыз адам – қанатсыз құс» демей ме, Еркіннің көздеген мақсаты ауыл шаруашылығының маманы болу еді. Бірақ ондай институт тек Алматыда ғана болатын. Оған баруға балаң Еркіннің батылы жетпеді және өзінің туған жерінен тым алыс көрінді. Сондықтан алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалайын деп құжатын Қарағанды пединститутының физмат факультетіне тапсырды. Ол кезде институттарға құжат тапсырған жастар тым көп болатын. Еркін тапсырған факультетте бір орынға алты үміткерден келді. Соған қарамастан, Еркін үздік баға алып, студент атанды. Осылайша жастықтың жалынды шағына толы, ешқашан ұмытылмайтын студенттік кезең аяқталып, математика пәнінің маманы деген ұстаздық жолға аяқ басты. Ендігі мақсат – бар тапқан-таянғанын отбасының аузынан жыра отырып, институт тәмамдап, мамандық алып шығуына қолынан келгеннің бәрін жасаған әкесінің еңбегін еш етпей, сәуелелі үмітін сөндірмей, алған біліміне сай қызметке орналасу жас маман Еркін үшін басты мәселеге айналды. Іздегенге сұраған дегендей, аудан басшылығы да жас маманның қарымын байқап, оны өзі оқыған Кеңес орта мектебіне физика-математика пәнінің мұғалімі етіп тағайындады.

Ұстаздық қызметке кірісімен Ерекең өзінің жастық жігерімен, жұмыс ұйымдастырудағы іскерлік қабілетімен, табанды мінезімен мектеп басшылығымен тіл тастап жүріп, күрделі де қиын жылдарда талай жұмыстың күрмеуін шеше

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, ІСІ – ҮЛГІ

Бүгін 85 жасқа толып отырған Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің белді де беделді мүшесі – Еркін Дәуешұлы. Ол – бір әулеттің ынтымақ-бірлігін уысында ұстаған, балаларын ел азаматы деңгейіне жеткізіп, немере-шөбере сүйіп отырған абзал ата, бір әулеттің көшін өрге тартқан қажырлы жан. Сонымен, Еркін Дәуешұлы өмірде қандай жан? Бұл сауалға жауап алу үшін ең алдымен оның өзі жазған өмірдерек жазба беттеріне үңіліп көрелік.



білді. Жас маманның іскерлігін байқаған мектеп директоры Әзік Ермағамбетов жас ұстаз Еркінді өндірістік оқу жөніндегі орынбасары қызметіне жоғарылатты.

Бірде қысқы каникулда үйіне келген Еркінді әкесі шақырып алып:

– Ал, балам, оқыдың, тоқыдың, қызметің де бар. Оған ризамын. «Өз үйім – кең сарайдай боз үйім» деп Жиренше ағамыз бекер айтпаған. Өз үйіңе не жетсін?! Баспана тұрғызып алсақ, оған қалай қарайсың? – деп әкесі ұлына сұрана қарады.

Мұндай тосын сұрақты күтпеген Еркін: «әкей, бір ретін келтірермін» деп жалтара жауап берді. Алайда әкеге берген уәде есінен еш кетпеді. Жауапкершілікті ерекше сезінетін Еркін ақыры қиыннан қиыстырып, әкесін жаңадан салып берген үйге кіргізді. Бұл ұлының әке алдындағы парызын өтеудің басы болатын.

Бірде Кеңес мектебіне басқа жерден ауысып жас маман Хамила Құлбекқызы қызметке орналасты. Жас пен жастың тілеуі бір, жүзі жайнап, көзі мөлдіреп тұратын көрікті қызға деген Еркіннің мазасы кетті. Сол қызға деген ерекше бір іңкәрлік сезім пайда болды. Қазақта «бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген қанатты сөз бар ғой. Оның ақыры екі жастың бас қосып, отау тігуіне ұласты. Осылайша екі жастың отбасы өмірі басталды. Сол жылдары жас жұбайлар баспананың тапшылығын көрудей-ақ көрді. Дайын тұрған үй болмағандықтан, жас жұбайлар бір үйден бір үйге көшумен болды. Бірақ сондай қиыншылыққа қарамай, Еркін мен Хамила бір-біріне деген сыйластық пен отбасы жағдайына ешбір салқынын тигізбеді. Қайта кездесе қалған күрмеуі қиын жағдайда бір-біріне сүйеу бола білді. Осылайша екі жас алғашқы сәбіі – көз қуанышына айналған Гүлнәрді дүниеге әкелді.

Ұстаз жолы үнемі ізденісті қажет етеді, соның нәтижесін шәкірттер санасына сіңіре білу ұстаздың білімі мен білігіне байланысты. Өз пәні математика мен алгебраның ерекшелігін түрлі мысал келтіріп, оқушыларды қызықтыра білген Еркіннің сабақ беретін шәкірттерінің үлгерімі жоғары болды. Жас ұстаздың жаңа әдістемелерді қолданудағы тәжірибесі аудан мектептеріне тарады. Көп ұзамай аудандық оқу бөлімі Еркін Дәуешұлын Азат (ол кезде Ивановский) кеңшарындағы орта мектепке директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары етіп жіберді.

Бұл жердің ерекшелігі – тұрғындардың бәрі дерліктың игерушілердің ұрпағы болып шықты. Бірен-саран қазақ болғанмен, олардың бәрі орыстанып кеткен, өз тілінде жарытып сөйлей алмайтындар болып шықты. Шаруашылық басшыларының бәрі – кілең орыстар. Мектепте жалғыз қазақ бар екен, оның өзі ана тілінен шетқақпайлау қалғаны бірден көзге ұрып тұрды. Бір жағынан, ана тілді қолдану аясының тарлығы, екінші жағынан, өздерінен өзгелерді төмендетуге бейім кілең жат жұрттықтардың балалары да үйлерінде әке-шешесінен көргенін істеп, қазақтарға осықарына қарайтынна Еркін талай рет көз жеткізді. Сондай қиыншылыққа төзе білген Еркін Дәуешұлы бірте-бірте оспадарына қарайтынна Еркіннің ұстаз, кімнің шәкірт екенін, қай елде тұрып жатқанын санасына сіңіре білді. Осындай

““

Ерекеңнің табысты қызметі аудандық партия комитетінің назарынан тыс қалмады. Ұстаздық қызметі өз алдына, Ерекең қоғамдық жұмыс ретінде насихатшылық және лекторлық жүктемелерді жауапкершілікпен атқарып жүрді. Осыншама жауапкершілігі мол шаруаларды табыспен атқарған Ерекең аудан басшылығы партия комитеті бөлімінің меңгерушілігін ұсынды

арпалыспен төрт жыл артта қалды. Дүниеге екінші сәбіі келді. Оның есімін атасы Дәуеш Динара деп қойды.

1970 жылы Еркін Дәуешұлын Қарабұлақ орта мектебінде директор етіп тағайындады. Қабырғасы табиғи тастан қаланған, төбесінен тамшы су ағатын, әбден тозығы жеткен мектепті білім ошағы деп атауға келмейтініне Еркін бірден көз жеткізді. Оның үстіне ұстаздардың бәрі дерлік кеше ғана осы мектепті бітірген шәкірттер болып шықты. Олардың оқушыларға тиісті білім беретініне өздері де сеніңкіре алмайтын. Осындай сан салалы проблемаға көз жеткізген мектеп директоры Еркін Дәуешұлы істі неден бастап, кімдерге жолығу керегін бірден айқындады. Ең алдымен шаруашылық директоры В.Чекмақтың соңынан қалмай жүріп жаңа мектеп ғимаратын, білімді ұстаздарды шақырып, оларды жайғастыратын үйлер салу мәселесін құлағына құюмен болды.

Чекмактан соң бірінің орнын бірі басқан Лопатин, Исакстың құлақ етін жеумен болды. Шаруашылық басшыларымен тіл табысу да оңай болмады. Алған бағытынан қайтпайтын өр мінезді Еркін ақыры мақсатына жетті. 1975 жылы салынып біткен жаңа мектеп есігін оқушылар үшін айқара ашты. Онымен қоймай Еркін бір топ жоғары білімді, мол тәжірибе жинақтаған ұстаздарды қабылдап, оларды өзі салдырған жаңа пәтерлерге жайғастырды. Бұл сол кездегі аудан көлемінде Еркін Дәуешұлы жүзеге асырған елеулі жаңалық еді.

Еркін Дәуешұлы басқарған мектеп Сілеті ауданына қарайтын болды. Білім беру сапасының деңгейі жағынан Еркін басқарған алғашқы мектеп бестіктің санатынан бағаланды. Соны бағалаған аудан басшылығы Еркін Дәуешұлына «Білім беру саласының үзді-

ты тұлғаға айналды. Көпшіліктің ақыл-кеңесіне құлақ аса жүріп, бұл саланың да қыры мен сырын тереңірек меңгеруге тырысты. Осылайша ісі алға басты. Алайда отбасы жағдайына және жол қатынасының қиындығына байланысты басқа аймаққа ауыссам деген ой Ерекеңнің мазасын қашырды әрі аудандық партия комитетінің басшылығы білікті маман Ерекеңнен айырылғысы келмей, оның бұл тілегін ескерусіз қалдырды. Ақыры Ақмола облыстық атқару комитетінің төрағасы Қасым Аппасұлы Тәуеновтің араласуымен Ерекең бұл қызметтен босап, Ақкөл ауданының білім саласын басқаруға жіберілді.

Туған ауданына келген Ерекеңді қат-қабат болған шаруа күтіп тұрды. Кеңшар қазан айында Еркін Дәуешұлы зейнетке шығып, Астана қаласына қоныс аударды. Ерекеңнің жазған материалдарын «Арқа ажары», «Астана ақшамы», «Егемен Қазақстан», «Ақкөл өңірі» газеттерінен көруге болады.

Қарекетсіз отыруды мойындамайтын Ерекеңнің ерекше бір қасиеті – қаламгерлігі. Осыншама жастың жартысына жуық аралықта ақпарат құралдарына хат-хабар, маңызды материал, толымды ой-пікір жазудан қол үзбей келеді. Ерекеңнің жазған материалдарын «Арқа ажары», «Астана ақшамы», «Егемен Қазақстан», «Ақкөл өңірі» газеттерінен көруге болады.

Ұлағатты ұстаз, еңбегіне қарай «Құрмет» орденімен, «Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен, басқа да бірқатар сый-сияпатпен марапатталған ардагер аға – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ақкөл ауданының құрметті азаматы.

Құрметті Еркін аға! Бүгін келген 85 жасыңыз құтты болсын. Перзенттеріңіздің, немере-шөберелеріңіздің ортасында Хамила жеңгеймен бірге бақытты да баянды ғұмыр кешіп, жасай беріңіздер!

Мейрам БАЙҒАЗИН,
Қазақстанның құрметті журналисі,
Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі

ТАНКІШІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Осы атаумен 1944 жылғы 22 тамыз күнгі «Советтік Қазақстан» газетінде жарық көрген сержант Топатай Жүнісовтің «Дала почтасы 28054-0» деген мақаласы жарық көргені туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Осы тақырыпқа байланысты кезінде жазушы Қалмұқан Исабаев «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қайда екен сол батыр қыздар?» тақырыбында мақала жазып, туған-туысқандарына іздеу жариялаған болатын. Өкінішке қарай, өзiрге осы танкіші қазақ қыздары туралы мәліметтер жоқтың қасы. Осыдан 80 жыл бұрын жарияланған мақалада «Ерлігі үшін» медалінің иегері, бөлім командирі, кіші сержант Жамал Байтасова, барлаушы Күлкен Тоқбергенова, танк жүргізушісі Күлжамила Талқанбаева және радист-пулеметші Жамилә Бейсенбаева туралы мәліметтер жарияланған. Танкіші қазақ қыздары кеңес өкіметі заманында туысқандары, ұрпақтары жоқ деген сылтаумен дәріптелмегені айдан анық.

Келесі жылы аталып өтетін Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Астана қаласының Жеңіс даңғылы бойында орналасқан батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова атындағы алаңға бұрынғы Қорғаныс министрлігінің алдында тұрған танкіні осы жерге орналастырып, төрт танкіші қазақ қыздарының ерлігін паш ету мақсатында аты-жөнін жазып, құрмет көрсетсек, қазақ халқының мәртебесі асқақтап тұрар еді. Ұлттың рухын оятайып, ұлтымыздың ұлылығын паш ету мақсатында батыр апаларымыз бен аталарымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа жеткізу – баршамыздың міндетіміз. ҰОС жылдары ерлігі ескерілмей, «батыр» атағы бұйырмаған ардагерлердің де аты-жөнін жазып қойса қалай жарасып тұрар еді?!

Жеңіс даңғылы алаңы ҰОС ардагерлеріне құрмет көрсетіп, тағзым етуге сұранып тұрған сияқты. Алдағы келе жатқан 80 жылдық мерейтойында осы алаңда аталған тұлғаларға арналып ескерткіш тақта ашылса, халықтың ойынан, көңілінен шығар еді деп ойлаймын.

Талғат ҚҰРМАНҰЛЫ,
Астана қаласының тұрғыны

Қазір дәуір жаңаланды, таным-түсінік те өзгерді. Әлемдік беталыс барлық ұлттың болмысына, ұрпағының сана-сезіміне, таным-түсінігіне әсер ете бастады. Осы үдерістің әсерінде, яғни жаңа заманның дамуына байланысты қазақ халқының тұрмысында үлкен өзгерістер орын алып, ұлтымыздың ұрпақ тәрбиесі үлкен сынақтарға дәп келді. Урбанизацияның тездеуі, әлеуметтік желінің өміріміздің айырылмас бір бөлшегіне айналуы ұрпақ тәрбиесін басқа арнаға бұрды. Атап айтқанда, бұрын қызды шеше тәрбиелесе, қазір көше тәрбиелейді, ұл әкеге қарап емес, экранға қарап өсетін жағдайға жеттік. Тасқын сел секілді екпіндеп келген бұл әлемдік ағыс басқа ұлттарға еліктегіш, өз ұлтын қор, өзге ұлтты зор санайтын, ұлттық идеологиясы әлсіз ұлттарды, тіпті тез тереңіне тартып, үйіріп әкетіп барады.

Бұрын баланың тәрбиесі ұлттық бітім-болмысты өзек ете отырып, бір отбасының, бір рудың, бір ауылдың тәлім-тәрбиесі арқылы қалыптасса, қазір баланы қоғамдық орта, мектеп (ұстаз) және отбасы сынды үш жақ өзара сәйкесе отырып тәрбиелейтін дәуір. Алайда жоғарыда айтқанымыздай, бала елдің дәстүріне емес, әлеуметтік желінің ықпалына көбірек бағынатын бүгінде қоғамның, қоғамдық ортаның тәрбиесі айтарлықтай болмай тұр. Яғни қоғамдық ортаның бала тәрбиесіне болған кері ықпалы күшейіп барады. Қоғамның ең маңызды бөлшегі саналатын жұртшылық та төңірегіндегі балалардың тәрбиесіне болған бақылауды әлдеқашан ұмыт қалдырды. Мәселен, бұрын қазақ ауылдарында біреудің баласы әдепсіз болса, үлкендердің алдында оғаш қылық байқатса: «Мынау қай көргенсіздің баласы?», «Мынау қандай тексіз еді?» деп үлкендер жағы зекіп тастап жататын. Балалар төбелесіп немесе ұлттық қасиетке жат қылық көрсетіп жатса, ол кімнің баласы болса да ұрсып, жаман әдетіне тосқауыл қоюға тырысатын. Жақсылығын көрсе жақтап, аузынан тастамай мақтап, көтермелеп, демеп, жебеп отыратын. Яғни ауылдың ақ сақалды аталары мен ақ самалы апалары ұлт, отбасы тәрбиесін қадағалап отыратын ең негізгі бақылаушысы іспетті еді. Қазір сол асқар тау аталардан, ақ ниетті апалардан қадір-қасиет кетіп қалған ба, жоқ әлде біреудің баласында нем бар дейтін өзіміздің идея өркен жайып үлгерген бе, кім білсін, біз көріп жүрген қарттардың бәрі айналасына самарқау қарайтын үнсіз жандарға айналған. Төңірегінде біреудің баласы боқ ауыз сөз айтып жатса, «мынау не деп тұр, ей?» деп аса таяғын көтеріп, балаға сес көрсететін қарттар қазір атымен жоқ. Көшеде балалардың аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатса да, оған әй дейтін әже, қой дейтін қожа қалмады.

Жақында мынадай бір жағдайға куә болдым. Біз тұратын тұрғын үй кешенінің маңында балалар ойнайтын үлкен алаң бар еді. Жасыл желек жамылған, балалар ойнайтын әртүрлі жабдықтар қойылған алаңда жаз күндері демалып, әңгіме соғып отыратын қарттар да аз емес. Күн жексенбі еді, балаларды ойнатып жүргенім, алаңқайда ойнап жүрген екі-үш ұл

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ ҰЛТҚА ОРТАҚ

Ұрпақ тәрбиесі – бір ұлттың келешегіне қатысты ұлы іс. Жастары жалынды, ұлттық рухы, отаншылдық махаббаты күшті елдің ертеңі де нұрлы. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деп қарайтын халқымыз ұл мен қыздың тәрбиесіне ежелден айрықша ден қойған.



Бұрын баланың тәрбиесі ұлттық бітім-болмысты өзек ете отырып, бір отбасының, бір рудың, бір ауылдың тәлім-тәрбиесі арқылы қалыптасса, қазір баланы қоғамдық орта, мектеп (ұстаз) және отбасы сынды үш жақ өзара сәйкесе отырып тәрбиелейтін дәуір. Алайда жоғарыда айтқанымыздай, бала елдің дәстүріне емес, әлеуметтік желінің ықпалына көбірек бағынатын бүгінде қоғамның, қоғамдық ортаның тәрбиесі айтарлықтай болмай тұр

баланың сөдегей әрекеттері мен былапыт сөздері назарымда бұрды. 7-8 жас шамасындағы балалардың айтып жатқан боқтық сөздерін естісең төбе құйқаң шымырлайды, төңірегіндегі ешкімнен именбей жіберіп жатыр. Алаңның шетіндегі орындықта әңгіме соғып отырған ақсақалдар да әлгілердің былапыт сөздерін естіп отыр. Бірақ «тәйт әрі» деп біреуі үндеген жоқ. Қасымдағы баламнан үйілген да екі бетімнен отым шығып, «Әй, балалар, байқап сөйлеңдер, мынау әлеуметтік орта, үлкен бар, кіші бар, ұят емес пе?!» дедім шыдамай. Бала-

лар үндемей тұрып қалып еді, мына жақта отырған бір келіншек орнынан атып тұрып «Сенің оларда шаруаң қанша?» деп шабынып шыға келгені. Оның шаңқылдаған дауысынан балалар ойын тоқтатып, үлкендер әңгімесін үзіп, үдірейісе қалды. Ал анау «мықты болсаң өз балаңды дұрыстап тәрбиелеп ал, елдің баласында нең бар?» деп екі бүйірін таянып, тебінтіп алдыма келді. «Мынау әлеуметтік орта ғой» десем, «Әлеуметтік орта болса да сенің жұмысың қанша? Әлде осы араның тәртіп сақшысы сен бе едің?» деп одан әрі шабынды. Сөздің жөнін ұғар түрі жоқ. «Қайран сөзім қор болды-ау» деп бұрылып кете бердім, анау бір талайға дейін артымнан шаңқылдап жатты. Өз басым мұны біздің ұлттық тәрбиенің сұйылып бара жатқанының, қоғамның бала тәрбиесін бақылаудағы рөлі мүлде қалмағанының көрінісі деп бағаладым. Бұрын біреу «әй, мынау кімнің баласы, не танытып тұр?» деп зекіп қалса, сол баланы қойып, оның әке-шешесі де кірерге тесік таппай қалатын. Осындай ортада өскен балалар да үлкендердің алдын кесіп отуден именетін, айналасындағы адамдардан сәл де болса жасқанатын еді. Ал қазіргі балалар төңірегіндегі адамды қойып, ұстаздарының да сөзін тыңдамайды. Себебі қазір баласын мектепке бергенде «сүйегі менікі, еті сенікі, білім үйрет, жақсылап тәрбиеле» деп ұстаздарға сенім артатын ата-ана жоқ. Керісінше, баласына зекіп немесе асып бара жатса жұлқып қалса, «менің балама зекитін, қол тигізетін сен кімсің?!» деп шу шығарып мектепке баратын, «сені сотқа берем» деп құқай көрсететін ата-ана өте көп. Осыны көрген бала қайдан оңады?! Бастапқыда ата-анасынан басқа ешкімді көзге ілмейтін өркөкірек,

өзімшіл болса, есейе келе ата-анасын да адамсынбайтын алкеуде болып шығады. Қазақ мұны «бетімен кеткен» деп атаған. Өкінішке қарай, қазір біздің ортамызда осындай ұрпақ өсіп келеді. Көшеде кішкентай қыздардың ешкімінен именбей темекі шегіп тұратыны, етек-жеңін енді түзей бастаған жастардың көшеде құшақтасып, ешкімінен именбей тұра беретіні – соның көрінісі. Егер қоғамдық ортада барлық адам ұлттық тәрбиені қадағалаушы, ұлттық дәстүрді дәріптеуші болса, жақсылыққа жақтаушы, жаман әдеттерге тосқауыл қоюшы болса, жастарымыздың бойында төңірегіне іс қылатын, ұлттық әдепке бағынатын әдет жоғалмаған болар еді.

Әрине, қазір әлеуметтік ортаның әдебі заңмен де қадағаланады. Бірақ қайсы ел, қай дәуірде де заң моральдан жоғары емес. Моральдық қасиет үстем орында тұрмаған жерде заң да салтанат құра алмайды. Демек жазамен, айыппұлмен қорқытып, әдепті ұрпақ тәрбиелей алмаймыз. «Ұят болады, жаман болады, обал болады» деген үш ауыз сөзбен бала тәрбиеленген қазақ ұятты әрекеттің өлшемі, жамандықты барлық сәтсіздіктің басы, обал-сауапты жанашырлық сезімнің негізгі арқауы еткен. «Жаным малымның, малым арымның садағасы» деп ар-намысты дүние-мүліктен, байлықтан әрқашан биік қойған. Рухани тазалық пен ұлттық құндылықтан гөрі заттық байлық алға озған қазіргі таңда біздің ұрпақ тәрбиесіндегі ескерусіз қалдырған тұсымыз – осы. Бәріміз «Балам білімді болсын» деп оқытуға ден қойғанымызбен, тәрбиесіз берілген білімнің қатерлі екенін көбіміз ескере бермейміз.

Жанар ЖАЙЛАУБАЙҚЫЗЫ

Астана қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері ерекше назар аударатын мәселенің бірі – жалған ақпарат таратудан қарапайым тұрғындарды сақтандыру. Шынын айтсақ, жалған ақпарат таратудың қандай қаупі, зардабы бар екеніне жайшылықта назар аудара бермейміз. Бұл орайда астаналық полицейлер терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және терроризм актілері туралы көпе-көрінеу жалған ақпарат бергені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын халыққа үнемі жүйелі түрде түсіндіріп, арнайы сабақтар өткізеді.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Polisia.kz ресми сайтынан алынған мәлімет бойынша Астана қалалық Полиция департаменті экстремизмге қарсы іс-қимыл күрес басқармасының қызметкерлері «Террорлық актілер туралы көпе-көрінеу немесе жалған хабарлау» тақырыбында түсіндіру жұмысын жүргізу мақсатында мектеп басшылығы, оқушылары және ата-аналармен кездесті. Аталған кездесуде басқарманың аға жедел уәкілі Ренат Татиков жиналғандарға қаладағы қоғамдық орындарда, мектептерде террорлық актілер жайлы жалған ақпарат таратқан фактілерді мысалға келтіріп, оның тиісті жауапкершілікке әкеп соғатынын жеткізді. Сонымен қатар аталған мәселенің алдын алу мақсатында мынадай іс-шараларды назарға алу керегін атап өтті:

1) көмелетке толмағандармен және олардың ата-аналарымен, жастармен псевдотерроризмге және осы қылмыстарды жасағандарға зардапқа байланысты мәселелер бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу.

2) псевдотерроризм қылмысын жасағаны үшін жауапкершілік мәселелері бойынша көмелетке толмағандар арасында олимпиадалық жарыстар мен сабақтар өткізу.

3) қоғамдық орындардағы монитор экрандарында жалған терроризмге қарсы бағытталған бейнероликтерді әзірлеу және көрсету.

4) тақырыптық телебағдарламалар жүргізу, жалған терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс істейтін полиция қызметкерлерін шақырып кездесу өткізу. Бұл бағытта құқық қорғау органдарының қызметкерлері оқиганы алдын ала анықтау, жалған анонимді хабарламаларды бұғаттау және шабуылдаушыларды әшкерелеу бойынша техникалық мүмкіндіктерін үнемі арттырып отырады.

Осындай дәрістер: семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер Астана қаласы Білім басқармасында өтті. Соның нәтижесінде әдістемелік құралдар мен лаңкестікке қарсы қауіп төнген жағдайда іс-әрекет жасау алгоритмі бойынша нұсқаулықтар елордадағы барлық жалпы білім беретін мектептерге жіберілген. Мәселен, бір жерде жарылғыш құрылғы қойылды деген жалған ақпарат таратылған жағдайда барлық апаттық-құтқару қызметтерінің мамандары дереу іс-әрекетке көшіп, қызметкерлер же-

дел-іздістіру іс-шараларын жүргізеді. Ойланбастан жасалған әрекеттің салдары материалдық зиянды өтеу қатар ауыл қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғатынын тұрғындар біле бермейді. Мұндай заң бұзушылық іс-қимылдар қоғамда үлкен наразылық туғызатынын көріп жүрміз.

Көпшілік жағдайда жалған хабарламаларды мас күйіндегі ересек адамдар немесе көмелетке толмаған балалар таратады. Мұндайдан бәріміз сақ болуымыз керек. Соңғы кездері әлеуметтік желілер, интернеттегі сайттар, электрондық пошта арқылы жалған ақпарат тарату жиілеп кетті. Астана қалалық Полиция департаментінің мәліметтеріне үңілсек, 2023 жылы 102 арнасына террорлық акті туралы көпе-көрінеу жалған хабарлама таратқан 157 қоңырау түссе, биыл сондай 15 қоңырау соғылған. Кезекшілік барысында астаналық полицейлер барлық жалған ақпарат таратқан жандарды анықтаған. Құзырлы мекеме астаналықтар мен қала қонақтарына террорлық акті туралы жалған ақпарат таратқаны үшін 5 мың АЕК көлемінде айыппұл салынатынын немесе сол мөлшерде еңбекпен түзеу жұмысына жіберілетінін, я болмаса 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылатынын ескертеді.

Енді осыған нақты дәлелдер келтірейік. Өткенде TikTok әлеуметтік желісінде Астана қаласының бір тұрғыны Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Маралды ауылындағы ахуалды баяндайтын бейнематериал жариялады. Әлгі әйел ауыл тұрғындарының 3 жылдан бері алтын өндіретін фабриканың заңсыз құрылысымен күресіп, кен өндіру кезінде улы зат қолданып, жарылыс жасайтынын айтады. Бейнерепортажда арна авторы өзінің желідегі жазылушыларынан ақпаратты көбейтіп, таратуды өтінеді. Алайда полиция қызметкерлері толық тексеру жүргізіп, соның нәтижесінде желі қолданушы таратқан ақпараттың жалған екеніне көз жеткізеді. Осылайша, жалған ақпаратты желіде жариялағаны үшін 45 жастағы елорда тұрғынына қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодексінің 456-бабының 2-тармағы 5-бөлігі бойынша әкімшілік іс қозғалды. Соттың шешімімен жалған ақпарат таратқан адамға 30 АЕК көлемінде айыппұл салу туралы ұйғарым жасалды.



А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының ұжымы институттың педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Науша Кабешқызы Каженоваға жолдасы **Қанат Рамазанұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



«БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ» – ҮЗДІК СПЕКТАКЛЬ

Көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының ХХХ республикалық фестивалінің «Үздік спектакль» аталымын Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының «Болмаған балалық шақ» спектаклі жеңіп алды.

Қойылымды белгілі ақын Ақберен Елгезектің театр туындысымен аттас повесі желісімен актер, режиссер Әли Бидахмет сахналады. Драма жанрындағы спектакльдің премьерасы былтыр мамыр айында өткен. Өмірбаяндық туынды еш қоспасы жоқ шынайы өмірге негізделген. Мұнда туған әкеден ерте қалып, нағашылардың, одан кейін қатыгез өгей әкенің қолында өскен жетім баланың аянышты өмірі баяндалады. Бас кейіпкер – ақынның өзі. Осыдан 16 жыл бұрын жазылған повесті автор шығармаларын бала кезінен сүйіп оқыған көрнекті қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың рухына арнады. Сондықтан сахналық қойылымға айналған про-

залық туындының жазушыға арналған фестивалде топты жарып шығуы да занды сияқты.

Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен, Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының ұйымдастыруымен Өскемен қаласында өткен бұл фестивальге жалпы 10 театр қатысты. Қоюшы режиссер Әли Бидахметтің айтуынша, театрлар жарысы балалар әдебиетіне арналып, басқа фестивальдерден сонымен ерекшеленді. Іс-шара аясында режиссер, актер, театртанушы секілді театр шеберлерінің шеберлік сабақтары өтті.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ КЕМЕҢГЕР АРХЕОЛОГЫ

Ұлттық музейде Қазақстан археология мектебінің негізін салушылардың бірі Кемел Ақышевтың 100 жылдығына арналған «Ұлы даланың кемеңгер археологы» танымдық сабағы өтті.



Сабақтың мақсаты – бүгінгі елдік пен тәуелсіздіктің тұғыры болған «Алтын адамның» тарихтағы орны мен археолог туралы оқушыларға терең мағлұмат беру. Іс-шараға Астана қаласы әкімдігінің Ш.Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназиясы мен Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімдері мен оқушылары қатысып,

ғалымның өмірі және қазба зерттеу жұмысынан табылған жәдігерлері туралы ғылыми деректер айтылды. Танымдық сабақ барысында бейнесюжеттер көрсетіліп, викториналық сұрақтар қойылып, ұстаздар мен оқушыларға музей залдары бойынша экскурсия жүргізілді. Соңында мұғалімдер Ұлттық музей атынан алғыс хатпен марапатталды.

ДЕНИС ТЕНДІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ГАЛА-ШОУ

«Барыс Арена» спорт кешенінде атақты мәнерлеп сырғанаушы, Сочи Олимпиадасының қола жүлдегері, әлем чемпионатының екі мәрте жүлдегері марқұм Денис Теннің құрметіне арналған 5-турнир ұйымдастырылды.

2019 жылдан бері елімізде өтіп келе жатқан айтулы бәсекені Алматы қаласы екі рет қабылдаса, Астана қаласында үшінші мәрте ұйымдастырылып жатыр. Турнир Халықаралық конькишілер одағының (ISU) challenge санатына кіреді. Биыл 25 мемлекеттен жиналған 115 таңдаулы спортшы жекелей сында (ерлер, әйелдер) және мұзда билеуден үздіктерді анықтап, ISU рейтингінің ұпайы үшін таласты.

Бұл турнир – отандық мәнерлеп сырғанаушылардың осы жылдағы алғашқы ресми жарысы. Ерлер сайысы бойынша 1-орынды Михаил Шойдоров (Қазақстан) – 262.33 ұпай (95.50 + 166.83), 2-орынды Владимир Литвинцев (Әзербайжан) – 246 ұпай, 3-орынды Ника Егдззе (Грузия) алып, 242.43 ұпай жинады. Сонымен қатар ерлер сайысында алғаш рет қазақстандық спортшы Михаил Шойдоров қысқа бағдарламада жеке рекордын жаңартып, жалпы бағдарламада Қазақстан атынан алғаш рет чемпион атанды. Ал әйелдер сайысы бойынша 1-орын Анастасия Губановаға (Грузия) – 195.91 ұпай, 2-орын Софья Самоделькинаға (Қазақстан) – 189.67 ұпай, 3-орын Лара Наки Гутманге (Италия) – 188.86 ұпаймен бұйырды. Әйелдер сайысында да жүлдеге деген талас шиеленісті өткенін айта кеткен жөн. Әрі осы турнирдің тарихындағы ең үздік



нәтиже тіркелді. 2023 жылы Ресейден Қазақстан сапына ауысқан Софья Самоделькина күміс жүлдені жеңіп алды. Бұл спортшы 2021 жылы дәл осы додада жасөспірімдер арасында Ресейдің атынан чемпион атанған болатын.

Жарыстың қорытынды күні гала-шоуда көрермендер екі дүркін әлем чемпионы, Олимпиаданың екі мәрте күміс жүлдегері Евгения Медведева (Ресей) Денис Теннің

композициясына өнер көрсетсе, Михаил Шойдоров «Кунг фу панда» кейпінде көрермен алдына шықты. Сондай-ақ жұптық бәсекеде екі мәрте Олимпиаданың күміс жүлдегері Евгения Тарасова мен Владимир Морозов, 2023 жылғы Еуропа чемпионы Анастасия Губанова, талантты Франция спортшысы Мари-Пьер және т. б. спортшылар өз қойылымын ұсынды.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ

АЗИЯ БІРІНШІЛІГІ БАСТАЛДЫ

Елорда төріндегі Beeline Arena Ұлттық теннис орталығында үстел теннисінен Азия чемпионаты басталды. Ұлттық олимпиадалық комитеттің мәліметінше, аталған турнирде 26 елден келген 210 спортшы бақ сынайды.

Чемпионатта отандық команда құрамында Кирилл Герасименко, Алан Құрманғалиев, Искандер Харки, Айдос Кенжеғұлов, Санжар Жұбанов, Сарвиноз Миркадилова, Зәуреш Акашева, Анастасия Лаврова, Анель Бақыт, Ангелина Романовская қатарлы спортшыларымыз да бақ сынауда. Жүлделер ерлер мен әйелдер арасындағы жекелей сын, командалық, жұптық және аралас сындар бойынша таласқа салынбақ. Чемпионатты тікелей эфирде Qazsport телеарнасы көрсетеді. Ал көрермендер үшін кіру тегін. Жарыстар күнделікті таңғы сағат 10:00-де басталады. Чемпионат 13 қазан күні аяқталады.



«ҚАЖЫМҰҚАН» КӨРЕРМЕНДЕРГЕ ЖОЛ ТАРТАДЫ

10 қазаннан бастап еліміздің кинотеатрларында «Қажымұқан» фильмі көрсетіле бастайды. Фильм режиссері Қанағат Мұстафин тарихи фильм сценарийіне 2012 жылы кірісіп, 2020 жылы түсірілімін бастады. Енді кинотуынды үлкен экранға ұсынылмақ.

«Қажымұқан өзінің спорттағы жетістіктерімен бүкіл әлемге танылған алғашқы қазақ болды. Париж, Лондон, Берлин, Ыстанбұл, Буэнос-Айрес және Чикаго халқы біздің атақты

отандасымызға қол шапалақтады. Француз күресінен чемпион атағын жеңіп алған, аса ауыр салмақта өткен классикалық күресте бүкілодақтың және әлем чемпионаттарының

бірнеше рет жеңімпазы атанған тұңғыш қазақ баласының ғұмырымен өскелең ұрпақ танысу керек, оны ұлықтау әрі одан үлгі алу керек» дейді фильм режиссері.